# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ







5+

АЛМАТЫКІТАП

А.Ж. Хазимова, Б.У. Салыхова, М.Ж. Бейсебекова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## Жұмыс дәптері

Для обучения детей старшего дошкольного возраста
по программе «Біз мектепке барамыз»
с русским языком обучения

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

Алматыкітап баспасы
2015

# СӘЛЕМ! СӘЛЕМЕТСІЗ БЕ!

1




1. Сурет бойынша амандасу үлгілерімен (Сәлеметсіз бе! Сәлем!) таныстыру. Балаларға өзара және үлкендермен амандасу үлгілерінің айырмашылығын түсіндіру. Балаларды өзара және үлкендермен амандастырып жаттықтыру.

# САУ БОЛ! САУ БОЛЫҢЫЗ!

1




2




1. Сурет бойынша баланың үлкендермен қоштасу үлгісімен (Сау болыңыз!) таныстыру.
2. Сурет бойынша екі баланың бір-бірімен қоштасу үлгісімен (Сау бол!) таныстыру. Балаларға өзара және үлкендермен амандасу, қоштасу үлгілерін қайталату.

# СЕНІҢ АТЫҢ КІМ?

1




1. Сурет бойынша «Сенің атың кім?» деген сұрақпен таныстыру. Сұрақты түсінуге үйрету. Қойылған сұраққа қысқаша жауап бере алуға үйрету.

# ҮЙ. БАЛАБАҚША

1




1. Сурет бойынша «үй, балабақша» сөздерімен таныстыру. Суретті көрсете отырып, «Мынау – үй. Мынау – балабақша» түрінде сөйлем үлгілерін айта алуға үйрету.

# МЫНАУ НЕ?

1



2



1. Сурет бойынша *доп, машина, текше, қуыршақ, қонжық, шар* сөздерімен таныстыру. «*Мынау не?*» деген сұрақ үлгісімен таныстыру. Осы сұраққа «Мынау – доп. Мынау – текше. Мынау – қонжық» т.б. жауап бере алуға үйрету.
2. Сұлбалары арқылы доп, машина, қуыршақ, шар, қонжық, текшені табу.

# ДОП БЕРШІ

1




1. Сурет бойынша «берші» сөзімен таныстыру. «Текше берші. Қуыршақ берші. Доп берші» деген үлгіде басқа да ойыншықтарды сұрай алуға үйрету.

# АҚ. ҚАРА

1



2



1. Суреттегі ойыншық атауларын (доп, текше) қайталату. Олардың түсіне балалардың назарын аудару. Доп пен текшенің әр бөлігінің түсін қайталату (ақ, қара).
2. Суретте берілген текшелердің түсін ретімен қайталату. Екінші қатардағы текшелерді берілген ретпен ақ, қара түске бояту.

# ҚАНДАЙ?

1



2



1. Суреттегі қыздың қолындағы шарлардың түсіне қарай түс атауларымен (қызыл, сары, жасыл, көк, қоңыр) таныстыру. «Қандай шар?» деген сұраққа «Қызыл шар, жасыл шар, сары шар, көк шар, қоңыр шар», – деп жауап бере алуға үйрету.
2. Суретте берілген шарларды сәйкес түске бояту.

# БІР. ЕКІ. ҮШ

1




2

Домалайды тоқтамай
Қызыл, сары, жасыл доп.
Қызыл, сары, жасыл доп,
Сонда бәрі неше доп?



1. Суреттегі текшелердің түсін қайталату. Текшелердегі сандармен таныстыру. Оларды қайталату. Текшелерді санату. «*Неше?*» деген сұрақты түсінуге үйрету.
2. Берілген жұмбақ-санамақты қайталату. Жауабын тапқызу. Жаттату.

# ТӨРТ. БЕС

1




2





Ал, кәнеки, балалар!
Бәрің бірге санаңдар!
Бір! Екі!
Отыр! Тұр!
Бір! Екі!
Кәне, бірге секір!
Үш! Төрт! Бес!
Жүгірейік тез.





1. Пойыз вагондарындағы цифрлар арқылы сандарды қайталату. *Төрт* және *бес* сандарымен таныстыру, қайталату. Ойыншық атауларын қайталату.
2. Берілген сурет арқылы *отыр, тұр, секір, жүгір* сөздерімен таныстыру. Санамақты қайталату, жаттату.

# АЛТЫ. ЖЕТІ

1







2



6 7



6 7



6 7



6 7

1. Суретте берілген қонжықтарды санату, түсіне қарай ажырату. Қонжықтардың киіміндегі *алты, жеті* сандарына балалардың назарын аудару, осы сандармен таныстыру, қайталату.
2. Суретте берілген ойыншықтарды санату. Ойыншықтардың санына сәйкес келетін цифрды қоршату.

# СЕГІЗ. ТОҒЫЗ. ОН

1




2




1. Суретте берілген машиналарды санату. Оларды түсіне қарай ажырату. Машиналардағы *сегіз, тоғыз, он* сандарына балалардың назарын аудару. Балаларды осы сандармен таныстыру, қайталату.
2. Текшелерді санату, текшелердегі сандарды қайталату.

# ТОҚТА!

1



2







Тоқта! Дайындал! Жүр!

1. Суретте берілген бағдаршамның түсіне назар аударту. *Қызыл, сары, жасыл* сөздерін қайталату.
2. Бағдаршамның түсі арқылы балаларға *тоқта, дайындал, жүр* сөздерін үйрету.

# ҚАНДАЙ? НЕШЕ?

1



2



4 5



3 4



7 8



6 7

1. Суретте берілген балықтарды санау. Онға дейінгі сандарды қайталату. Балықтарды түсіне қарай санау арқылы түстерді қайталату. *Қандай? Неше?* сұрақтарын қайталату, бекіту.
2. Суреттегі балықтарды санау. Олардың санына сәйкес цифрды қоршату.

# МЫНАУ КІМ?

1



ата



әже



әке



ана



қыз



ұл

2



1. Сурет бойынша *ата, әже, әке, ана, қыз, ұл* деген сөздерді үйрету. «Мынау кім?» деген сұраққа жауап бергізу. Суреттегі адамдармен қалай амандасатындарын және қоштасатындарын еске түсіру.
2. Сұлбалары арқылы ана, ата, қыз, әке, әже, баланы табу.

# МЕНІҢ ОТБАСЫМ

1



2



Міне, қара,
Мынау – бала,
Мынау – әке,
Мынау – ана.

1. Сурет бойынша *менің атам, менің әжем, менің анам, менің әкем* деген тіркестерді үйрету.
2. Тақпақ мазмұнына сәйкес сурет бойынша *бала* сөзінің мағынасын түсіндіру. *Әке, ана* сөздерін қайталату. Тақпақты үйрету.

# МЕНІҢ ҚАРЫНДАСЫМ

1



2



Менің қарындасым бар.



Менің сіңлім бар.

1. Сурет бойынша *менің анам, менің әкем, менің ағам, менің әпкем, менің інім, менің сіңлім, менің қарындасым* деген тіркестерді үйрету. Өз отбасының суретін салдыру, өз отбасы мүшелерін атай алуға үйрету.
2. Сурет бойынша *қарындас, сіңлі* сөздерінің айырмашылығын түсіндіру. Отбасы суреттерін алып келіп, сурет бойынша отбасы мүшелері туралы айтқызу.

# МЫНАУ НЕ?

1




2



1. Сурет бойынша аң аттарын үйрету: аю, арыстан, піл, қасқыр, түлкі, қоян, керік, кірпі.
2. Аңдарды сұлбасы бойынша табу.

# НЕШЕ ПІЛ?

1



2

Мынау – керік,
Мынау – піл.
Неше керік,
Неше піл?



Мынау – түлкі,
Мынау – кірпі.
Неше түлкі,
Неше кірпі?

1. Ормандағы аңдарды атау және оларды санау.
2. Суреттегі аңдарды атау. Тақпақты тыңдату, қайталату. Сурет бойынша аңдарды санау.

# МЫНАУ НЕ?

1



2



1. Сурет бойынша үй жануарларының атауларын үйрету.
2. Жануарларды сұлбасы бойынша тапқызу.

# ҮЛКЕН. КІШКЕНТАЙ

1



2



1. Сурет бойынша үй жануарлары мен аңдарды қайталату. Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай екенін ажыратқызу.
2. Жануарлар мен аңдарды сұлбасы бойынша тапқызу.

# МЫНАУ – АЛМА

1



2



алма алмұрт өрік шие жүзім

1. Сурет бойынша бақшадағы жеміс-жидектер түрімен таныстыру.
2. Жеміс-жидектердің атауларын қайталату. Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай екенін ажыратқызу.

# МЕН АЛМА ЖЕЙМІН

1



2



1. Сурет бойынша ыдыстағы жеміс-жидектерді атау. Баланың қандай жеміс жеп тұрғанына көңіл аудару. Оның түсін атау. «Мен ... жеймін. Мен ... жемеймін» деген сөйлем үлгілерін үйрету.
2. Алмаларды түсіне қарай ажырату. Неше қызыл алма, неше сары алма екенін санау.

# МЫНАУ – СӘБІЗ

1



2



1. Сурет бойынша көкөніс атауларымен таныстыру.
2. Көкөніс атауларын қайталату. Санау.

# ҚОЯН СӘБІЗ ЖЕЙДІ

1







1. Сурет бойынша аңдарды, жемістер мен көкөністерді атау. «Қоян сәбіз жейді. Ешкі орамжапырақ жейді. Кірпі алма жейді» деген сөйлем үлгілерін үйрету.

# МЫНАУ – СҮТ

1




1. Сурет бойынша азық-түлік, тағам, сусын атауларымен таныстыру. Берілген сөздерді «*жеймін, ішемін*» сөзімен байланыстыра айтуға үйрету (Мен ботқа жеймін. Мен сүт ішемін). *Жеймін, ішемін* сөздерінің айырмашылығына көңіл аударту.

# БАЛМҰЗДАҚ



1. Сурет бойынша *балмұздақ* сөзімен таныстыру. Оның *тәтті, суық* болатынын үйрету. Суретте берілген балмұздақтарды санау. «*Балмұздақ тәтті. Мен балмұздақ жеймін*» деген сөйлем үлгілерін үйрету. «*Сен неше балмұздақ жейсің?*» деген сұраққа жауап бере алуға үйрету.

# БАС. ҚОЛ. АЯҚ

1




2



1. Сурет бойынша *бас, қол, аяқ* деген сөздермен таныстыру.
2. Сурет бойынша *менің басым, менің қолым, менің аяғым* деген тіркестерді үйрету.

# ОН САУСАҚ




1. Сурет бойынша «*саусақ*» деген сөзбен таныстыру. Бір қолындағы саусақ санын, екінші қолындағы саусақ санын және екі қолындағы саусақ санын айта алуға үйрету. Сандарды қайталау.

# КИІМДЕР

1




2



1. Сурет бойынша киім атауларымен таныстыру. Оларды түсімен атауға үйрету.
2. Киімдерді атау, санау. Сандарды қайталау.

# АҚ КӨЙЛЕК. КӨК КӨЙЛЕК

1




2



1. Суретте берілген көйлектердің түсін айтқызу. Қандай көйлек таңдайтындарын сұрау.
2. Киімдерді түстерімен атау. *Жейде, күрте* сөздерін тақпақтағы *көйлек* сөзінің орнына қойып айтқызу. Балаларға көйлек, жейде, күрте таңдату.

# АСТАНА. АЛМАТЫ

1





2

Екі үлкен қала бар
Қазақстан жерінде.
Алматы мен Астана
Менің туған елімде.




1. Сурет бойынша «*Мынау – Астана қаласы*», «*Мынау – Алматы қаласы*» деген сөйлемдерді үйрету.
2. Картадан Астана, Алматы қалаларын көрсету. Тақпақтың мазмұнын түсіндіру. Тақпақты жаттату.

# ҚАЗАҚСТАН

1



2







1. Баланың суреті туралы әңгімелеу. Оның не салғаны туралы сөйлесу. «*Мен Қазақстанда тұрамын. Қазақстан үлкен, әдемі*» деген сөйлемдерді айта алуға үйрету.
2. Сурет бөліктеріне назар аудару. Баланың не салғанын атау.

# ҚЫС. ЖАЗ

1





2



күн



көл



қар



гүл

1. *Қыс* және *жаз* мезгілімен таныстыру. «*Жазда күн ыстық. Қыста күн суық*» деген сөйлем үлгілерін және «*Қазір қай жыл мезгілі?*» деген сұраққа қысқа жауап бере алуға үйрету.
2. Сурет бөліктеріне назар аудару. Оларды атай алуға үйрету.

# КӨКТЕМ. КҮЗ

1





2









| құс | жаңбыр | ағаш | жапырақ |
|---|---|---|---|

1. *Көктем* және *күз* мезгілімен таныстыру. Жыл мезгілдерін атай алуға үйрету. *Құс, жаңбыр, ағаш, жапырақ* сөздерімен таныстыру.
2. Сурет бөліктеріне назар аудару. Оларды атай алуға үйрету.